

**«Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ
ШЖҚ «Жетісу облысының фтизиопульмонология орталығы» МКК
қызметкерлерінің қатысуымен өткен жиналыс хаттамасы**

Талдықорған қаласы

12 маусым 2023 жыл

Қатысқандар: Жетісу облысының фтизиопульмонология орталығының директоры А.Заханова, бөлім меңгерушілері, дәрігерлер және медбикелер.

Күн тәртібінде: Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңының талаптарының сақталуы.

А.Заханова: Құрметті әріптестер!

Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып табылатыны барлығымызға мәлім. Яғни, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оны болдырмау барлық азаматтың міндеті деп санаймын. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу дегеніміз - бұл мемлекетте тұрақтылықты қамтамасыз етудің қажетті шарты.

Осы орайда, айтатыным, өздеріңізге жүктелген міндеттеріңізге аса үлкен жауапкершілікпен қарап, әрбір іс - әрекеттеріңіз заң шеңберінде жүзеге асырылуы тиіс екенігін ұмытпағайсыздар. Атқарып отырған қызметтеріңізді жеке мүдделеріңізге пайдаланып, бір реттік табыс табамын деген ойдан аулақ болыңыздар. Ондай заңға қайшы теріс әрекеттер міндетті түрде қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғады және «Дәрігер» деген мәртебеге нұқсан келтіріп, қоғам мен халықтың дәрігерлер мен медицина қызметкерлеріне деген сенімдерін жоғалтады.

Сондай – ақ, сыбайлас жемқорлық тек пара алу іс әрекетімен шектелмейді, оған пара беру және парақорлыққа делдал болу да жатады. Сондықтан әр қадамдарыңыз заң талаптарын сақтай отырып жүзеге асырулуы тиіс.

Жалпы бұл айтылған сөздерім жаңалық емес, алайда сыбайлас жемқорлықпен күресу және оның алдын алу туралы сөз етіп отырсам артық болмас деп ойлаймын.

Жемқорлықты болдырмау барлығымыздың қолымызда екенін жадымызда сақтап, айналадағы адамдарға да осыны жеткізсек, қоғамда орын алып отырған сыбайлас жемқорлық атты дертінің жойылуына бір себебімізді тигізерімізге сенімдімін.

Төрағалық етуші

Хатшы



(Handwritten signature)

А.Заханова

(Handwritten signature)

Б.Ахметжанова